

3. Anholt S. Competitive Identity – the New Brand Management for Nations, Cities, Regions. – Palgrave Macmillan, 2007. – 160p.
4. Панкрухин, А.П. Практический маркетинг. Бренды и брендинг: учеб.пособие / А.П.Панкрухин. – М.: Омега-Л, 2011. – 170стр.
5. samovar.ru/article/3/

ӘОК 304.442

ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ УРБАНИСТИКА

Бекенова Аружан

aruzhanbknv@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

Мәдениеттану мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Рауан Кемербай

Қалалар ежелде қалыптасқан мәселе, сонымен қатар олар аумақ пен қоғамды ұйымдастырудың ерекше тәсілі болды. Олар батыс өркениетінің келбетін өзгертті және оның даму бағытын анықтады. Қалалар мәселесі ғылымда сала ретінде XVIII - XIX ғасырдың басында қалыптаса бастады, урбанистика ғылымның дербес саласы ретінде XX ғасырдың ортасында дамыды. Қазір қалалар мен олардың даму процестеріне арналған кең пәнаралық зерттеу саласы урбанистика деп аталады, дегенмен қалалық бағыттағы зерттеулер туралы айту дұрысырақ. Бұл ғылыми бағыттың пәндік саласы әлеуметтану мен экономика, демография мен география, философия мен мәдениеттану тоғысында қалыптасты және әр ғылым қалалармен байланысты мәселелерді қарастырудың өзіндік перспективасын ұсынды.

Қаланың мәдени-ақпараттық кеңістігінің гетерогенділік дәрежесі елдің мәдени орталықтарынан алыстығына, қаланың көлеміне, сондай-ақ қалалық мәдениеттің негізгі субъектілерінің жұмыс істеу қарқындылығы мен тұрақтылығына байланысты болуы мүмкін.

Қалалық мәдениет өрісін құратын әртүрлі субъектілердің болуы. Қалалық мәдениеттің субъектілеріне зайырлы немесе діни ұйымдар, қоғамдар, бірлестіктер кіруі мүмкін, олардың міндеттері қала тұрғындары арасында отандық және әлемдік мәдениеттің үлгілерін тарату, демек, кең мағынада мәдени мұрамен таныстыру болып табылады. Қалалық мәдениет субъектілері мәдени ақпарат қалыптастырады, мәдени құндылықтар жасайды, азаматтардың дүниетанымын қалыптастыруға, олардың талғамына әсер етеді, сондықтан оларға театр, кітапхана, шіркеу, университеттер, клубтар, мектептер, мұражайлар, қоғамдық ұйымдар мен мәдени ағарту жұмыстарымен айналысатын бірлестіктер кіруі мүмкін.[1, 7 б].

Бүгінгі таңда қаланың мәдени орталық ретінде қалыптасу процесі оның ерекшеліктерін зерттелуін, атап айтқанда «қала мәдениеті» және «қалалық мәдениеті» сияқты ұғымдарды тереңірек түсінуді талап етеді. Ақпарат көзі ретінде жергілікті қалалық материалмен жұмыс істеу тәсілдерін анықтау – ғалымдардың негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Қаланың, жекелеген қаланың немесе жалпы қаланың мәдениетінің пайда болуын адамдардың ерекше тұратын жері ретінде, қазіргі кезде пайда болатын түрде анықтау өте қиын, өйткені Қазақстанның көптеген қалаларының дамуы біркелкі болмады. Сонымен, кейбір қалалар белгілі бір тайпаның немесе Ордалардың орталықтары ретінде, басқалары шекара бекіністері ретінде пайда болды. Жалпы Қазақстан, әсіресе оның кейбір жекелеген аймақтары үшін малшылар мен егіншіліктердің, дала мен қалалардың өзара іс-қимылы айқын көрінеді. Мұнда өзара іс-қимылдар әртүрлі болды: саяси, экономикалық, мәдени, этникалық. Олар материалдық мәдениетте қандай да бір дәрежеде көрініс тапты. Тұтастай алғанда, әртүрлі жергілікті өзгерістер кезінде отырықшылық, егіншілік және урбанизация аймағын кеңейту үрдісі әрдайым орын алды.

Жазба деректердің аздығы ескерткіштердегі археологиялық зерттеуді өзекті етеді. Қалалық мәдениетті археологиялық зерттеу жаңа материалды анықтауға, оны жүйелендіруге

және бірқатар мәселелерді, соның ішінде қала мәдениетін көшпелілікпен тығыз қарым-қатынаста дамыту аспектісін қарастыруға мүмкіндік берді.

Шағын қалаларда немесе ірі индустриалды орталықтарда орналасқан ауыл тұрғындары ауылдық қоғамдастық санасы мен ерекше мәдениетін интуитивті түрде сақтай беретін, бірақ қала тұрғыны мәртебесінде ерекше «төменгі халықты» құрады. Мұндай процесс дәстүрлі ауылшаруашылық мәдениетінен кетуге және арнайы қалалық мәдениеттің құрылуына әкелді.

Ұлы Жібек жолын елестету, сонымен қатар урбанизация үрдісін сауда артерияларының жұмыс істеуімен байланыстыру өте қиын, бірақ егер оны ғалымдарымыз картада нүктелермен (қалалармен) және желілермен схемалық түрде көрсетсе, онда созылған учаскелері Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан арқылы өткен Еуразияның батысы мен шығысын жалғайтын керуен жолдарының жүйесі ашылады. Олар шығыста Корея мен Жапонияға, батыста Ресейге, Шығыс және Батыс Еуропаға, оңтүстікте Үндістанға, оңтүстік-батыста Орта және Таяу Шығысқа әкелді. Бұл екі жақты тауар қозғалысымен, ғылыми ойлардың жетістіктерімен, мәдени құндылықтар мен діндердің жолы болды. Бұл көпестер, саяхатшылар, дипломаттар арқылы ақпаратты тарату үшін маңызды және жылдам желі болды.

Қазақстандағы Сырдарияның орта бойына орналасқан ірі қалалардың бірі – Отырар. Араб – парсы деректемелерінде Отырар қаласы Фараб, одан бұрын Тарбан деп те аталған.

Отырар аймағында болған бірнеше қоныстар мен қалалардың бірі – Кедер IX – X ғасырларда оазистің астаналық орталық дәрежесіне дейін көтерілген, мұның өзі саяси жағдайдың өзгеруіне және осы ауданның оғыздарға бағынуына байланысты еді. Отырар өмірі X – XII ғасырлардан кейін де жалғасып, оның орта Сырдария өңірінің экономикасы мен мәдениетіне ықпалы күшті болған. Отырар көлемі жағынан орта ғасырдағы ең өскен қала болып саналады.

Қазақстанға белгілі орта ғасырлық қалалардың бірі – Тараз. Ол жазба деректемелерде 568 жылдан бастап аталады. VII ғасырда Тараз «Ұлы Жібек жолындағы» ірі мекенге айналды.

X-XII ғасырларда Тараз қаласының су құбырлары, сонымен қатар күйген кірпіштен көпшілік үшін салынған моншасы болған. Оған жақын жерде Айша-бибінің күмбезі көтерілген. Ол жақсы күйдірілген кірпіштен қаланып безендірілген, қабырғаларына ою-өрнектер салынған. Қатты қирап тек батыс жақ қабырғасы мен бұрышы сақталып қалған бұл күмбез қазір қалпына келтірілді. Тараз жерінің орта ғасырлық сәулет өнерінің тағы бір ескерткіші – Қарахан күмбезі. Өкінішке қарай қираған күмбез XX ғасырдың басында қайта тұрғызылып, соның салдарынан оның бастапқы жоспары бұзылып, сәнді өрнектері бұзылып кеткен. Бізге дейін жеткені тек оның суреті ғана.

Тараз Жетісудың саяси, экономикалық және мәдени орталығы болған. Оның төңірегіндегі Талас, Асса сияқты өзендердің бойында Төменгі Барысхан, Хамукент, Жікіл, Адахкент, Ден, Нуджикент, Құлан, Мерке, Аспара, Жұл, Баласағұн қалалары мен қоныстары бір – біріне тізбектеліп жалғасып жатқан. Сондай-ақ, Іле өзенінің алқабында Қойлық, Талхиз, Екі-оғыз сияқты басқа да қалалар орналасқан. Жібек жолдың бұл аймақтағы бөлігі Ферғаналық және Жетісулық бағыттарын қамтыған.

XI ғасырда Ясы (Түркістан) қаласы шауғар округінің орталығы саналған мұнда XII ғасырдың аяғында Ахмет Иассауи күмбезі салынып, қала діни орталыққа айналады.

Сырдариядағы ірі қала – Сығанақ. Қазақстанның солтүстігі мен солтүстік-шығысына баратын керуен жолдарының қиылысында орналасқан ол XII ғасырда қыпшақ бірлестігінің орталығы болды. Қазір Сығанақтың орнында Сунақ – ата жұрты бар.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда жоғарыда айтылған кенттерден басқа жаңа бірқатар қалалар – Қарашоқы, Қарнақ, Асанас, Баршанкент т.б. пайда болды. Олардың алып жатқан жер көлемі ұлғайып, сауда шаруашылық орталығы – шахристаннан рабадқа ауысқан.

Қазақстан жеріндегі халықтардың экономикалық өмірінде сауда орасан зор рөл атқарды. Жазба деректемелер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран,

Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда қатынасы болғанын дәлелдейді. VI-X ғасырлардағы халықаралық саудада «Ұлы Жібек жолының» зор маңызы болды. Бұл жол Шаштан (Ташкент) Газгирдже, одан Исфиджабқа жетті, одан әрі керуендер Тараз қаласына беттеген. Исфиджаб пен Тараз арасында бірнеше шағын қалалар мен керуендер аялдайтын сарайлар болған. «Жібек жолы» Тараздан терістікке қимақтарға қарай Адахкент, Дех-Нуджикент қалаларын басып өтті. [2, 81-84 бет]

Орта ғасырлардағы Қазақстанның X-XII ғасырларда шырқау шегіне жеткен қалалық мәдениеттің өркендеуін монғол-татар жаулаушылығы быт-шыт қылды. Жаулаушылық салдарынан қалалар мен дала көшпелілері арасындағы дәстүрлі байланыстар да үзілді.

Тек XIII ғасырдың орта кезінде қала тіршілігі қайта жандана бастады, алайда бұрынғыдан анағұрлым аз мөлшерде болды. Қалалар қайта салынып, аудандардың экономикалық байланыстары жолға қойылды, қалалар халықаралық сауда және елшілік қатынастарын қалпына келтірді.

XIII ғасырдың сапарнамаларында Отырар, Зернук, Сайрам, Йасы, Сығанак, Барукент, Саудақент, Құмкент, Созақ қалалары аталады. Халықаралық керуен жолында, мысалы Орал өзені бойында пайда болған Сарайшық сияқты жаңа қалалар салынып, дамытылып жатты. Сарайшық XIII ғасырдың екінші жартысында салынды. Ол Шығыс пен Батыстың, Шығыс Түркістан, Қазақстан мен Орта Азиядан Еділ бойына, Қырым мен Еуропаға баратын басты сауда жолының бойында орналасқан.

XIII ғ. аяғы – XIV ғ. басында Отырар қамал – қабырғаларымен қоршалды. Осы кезде тұрғын үй құрылысына өзгерістер енгізілді: сәкі енді бүкіл тұрғын үй көлемінде орнатылды, ошақтың жаңа түрі – түтін шығатын мойыны бар тандыр пеш пайда болды. Ол өте қолайлы ошақ түріне айналды. Үйдің төбесінің салмағы ортасындағы дінгек ағашқа немесе қабырғаларына түсіріліп жабылды. Үйлерде дән сақтайтын қыш ыдыстары бар кілеттер жасалды.

XIII ғасырдың екінші жартысындағы қалаларда басты көшелер сақталғанымен, қала махаллаларының жобасы түгелдей өзгеріске ұшырады. Отырар махаллалары XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың алғашқы жартысында өзінің алғашқы шекарасынан асқан жоқ.

Жетісудағы отырықшылық монғол шапқыншылығынан кейін-ақ құлдырай бастаған. Қалалар XIII ғасырдың ортасында әлі де сауда және қолөнер орталығы ретінде сырттай қарағанда еш өзгеріссіз тұрғандай көрінгенімен, оны асыраушы егіншілік мәдениет жойылып бара жатқан еді. Осыдан кейін қалалар да опат болды.

Талас аңғарында он шақты қалалар мен елді мекендер өмір сүре берді. Олардың көпшілігі қорғасын-күміс кеніштерінің өндіру қарқыны арта түскен Шелжа маңындағы өзен бойларында орналасқан қалалар еді.

Іле аңғарындағы археологиялық зерттеулер Алмалы, Талғар, Шілік, Дүнгене, Антонов, Сүмбе, Көктұма қалалары XIII ғасырдың аяғына қарай мүлде үйіндіге айналғандығын дәлелдейді. XIV-XV ғасырлар деректерінде Ілебалық өңірінде «ешқандай қала, құрылыс жоқтығы, тұрғындары тек қана көшпелілер» екендігі айтылады. [3, 130-133 б].

Қаланың мәдени-ақпараттық кеңістігінің гетерогенділік дәрежесі елдің мәдени орталықтарынан алыстығына, қаланың көлеміне, сондай-ақ қалалық мәдениеттің негізгі субъектілерінің жұмыс істеу қарқындылығы мен тұрақтылығына байланысты болуы мүмкін.

Тарихи сипаттағы зерттеулер шеңберінде тұтас алғанда әлемдік мәдениеттің күштік проблемалық өрістерінің бірі болып табылатын қалалық мәдениетті кешенді зерделеу тарихи дереккөздерді дәстүрлі тарта отырып, қазіргі гуманитарлық білімнің түрлі салаларына жүгінуді көздейтіні анық, сондай-ақ қол жетімді зерттеу әдістерінің комбинациясы. Мұндай қажеттілік ғылым "қалалық мәдениет" ұғымының әмбебап анықтамасын жасамағандығымен байланысты.

Қалалар елді мекендердің кластеріне айналуға, оларға мәдениеті мен дәстүрлері бар жаңа адам ағындары құйылуда. Сонымен қатар, қазіргі заманғы серпінді дамып келе жатқан қаланың келбеті қалыптасады, қалалық өмір салты қалыптасады, жаңа құндылықтар жүйесі

құрылады, яғни басқа мәдениет қалыптасады - қала мәдениеті, басқаша айтқанда, күнделікті өмірі, мінез-құлық нормалары, белгілі бір қалалық жанрлар, өнер.

Қазіргі зерттеулерде көбінесе қала мәдениеті мен қалалық мәдениеті синоним ретінде қолданылады, ал бұл терминдер түбегейлі әртүрлі ұғымдарды білдіреді. Қалалық мәдениет көбінесе жоғары сауаттылық, еңбек бөлінісі, қалалық мекемелердің, дүкендердің, мұражайлардың, кітапханалардың, театрлардың, оқу орындарының және т.б. болуы сияқты белгіленген сипаттамалардың жиынтығын білдіреді. Қалалық мәдениеті деп сәулет құрылыстары, алаңдар, саябақтар, мәдени-ағарту мекемелері, театрлар, мұражайлар, кітапханалар, оның ішінде қала тұрғындарының менталитеті, моральдық нормалар, рухани құндылықтар және т.б. сияқты құрамдас бөліктер түсініледі. Қала мәдениеті бойынша біз белгілі бір қаладан белгілі бір қоғамға тән құндылықтар мен нормалардың ерекше спектрін, оның ішінде ерекше қалалық ерекшелігімен және белгілі бір жанрлар мен пара-фольклорлық формалардың циклімен немесе басқаша айтқанда, қалалық фольклордың бір түрімен ерекшеленетінін түсінеміз.

Қазақстанда кем дегенде жарты ғасыр бойы қала тұрғындарының үлесі ауыл тұрғындарының үлесінен асып түсті. 1970 жылы жүргізілген Бүкілодақтық халық санағы бойынша ҚазКСР-дағы қала тұрғындарының үлес салмағы 51% құрады. Келесі жылдары, 90-жылдардың басына дейін, қала халқының өсу динамикасы урбанизация көрсеткіштерінің өсуін көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жағдай өзгерді, бұл түсінікті. Қала халқы үлесінің төмендеуінің негізгі себептері жаппай эмиграция және туу деңгейінің төмендеуі болды. 2000 жылдардың басында белгіленген тенденцияларды өзгертуге қол жеткізілді және ХХІ ғасырдың басынан бастап елдегі урбанизация процестері қарқын ала бастады. Қазіргі кезде Қазақстанда урбандалу деңгейі 58,5% құрайды, бұл жаһандық медианалық көрсеткіштен біршама асып түседі.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы қалалардың жалпы саны аздап өскеніне қарамастан, қалалар философиясының өзгеруі әлдеқайда маңызды. Біріншіден, қалаларды басқару тәсілдері өзгерді. Мемлекет бұдан былай қала құрылысы мен қалалардағы өмірді ұйымдастырудың жалғыз қатысушысы болып табылмайды. Қазіргі заманғы қазақстандық қалалар жергілікті атқарушы органдар мен қалалық қоғамдастықтардың әріптестік жауапкершілігі негізінде жұмыс істейді. Қалалардың экономикалық өміршендігін қамтамасыз етуге бағдарлау принципі әділеттілік пен өмір сүру принципімен алмастырылды. БҰҰДБ сарапшыларының тобы Қазақстан Республикасындағы 2019 жылғы Адами даму туралы Ұлттық баяндаманы дайындау барысында осындай қорытындыға келді: "Урбанизация Қазақстандағы инклюзивті және тұрақты дамудың үдеткіші ретінде".

Екіншіден, қалалық кеңістіктер әртүрліліктегі бірлік принципін айқын көрсете отырып, оның кең мағынасында инклюзивті дамудың орталықтарына айналды. Инклюзияны дамыту тетіктерінің бірі Халықтық қатысу бюджетін енгізу болды. Пилоттық жобалар Нұр-сұлтан және Алматы қалаларында сәтті жүзеге асырылды және бүгінде бұл тәжірибе Қазақстанның басқа қалаларына таралады. Партисипаторлық бюджеттеу ел азаматтарын жергілікті қоғамдастықты басқару процестеріне кеңінен тартудың және "төменнен" келетін азаматтық бастамаларды жандандырудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

Үшіншіден, қазақстандық қалалар Қазақстандағы цифрландырудың тірек пункттеріне айналды. Бүгінде еліміздің барлық қалаларында "Ақылды" технологияларды дамытуға бағытталған жобалар іске асырылуда. "Smart city" тұжырымдамасын іске асыру Алматы мен Нұр-сұлтанға "ақылды қалалардың" әлемдік рейтингіне кіруге мүмкіндік берді. Мысалы, БҰҰ local Online Service Index рейтингінде 2020 жылы Алматы 100 қаланың ішінде 29-шы орынға ие болды. Mercer 's Quality of Living рейтингінде Алматы 231 қала арасында 177-орынды иеленеді. Екі қазақстандық мегаполис әлемнің 500 инновациялық қалаларының қатарына кіреді. [4]

Жалпы әлемдік мәдениеттің күштік проблемалық өрістерінің бірі болып табылатын қалалық мәдениетті кешенді зерттеу тарихи сипаттағы зерттеулер шеңберінде тарихи дереккөздерді дәстүрлі тарта отырып, қазіргі гуманитарлық білімнің түрлі салаларына

жүгінуді, сондай-ақ қолжетімді зерттеу әдістемелерінің комбинациясын көздейді. Мұндай қажеттілік ғылым «қалалық мәдениет» ұғымының әмбебап анықтамасын жасамағандығымен байланысты. Осыған байланысты ғылымдар бұл іргелі мәселені шешуді талап етпейді. Ол қалалық мәдениет феноменін зерттеуде ғылымда қалыптасқан тәсілдерді қолдануға тоқталды, бірақ бұл қолданыстағы әдістер мен тәсілдерді қарапайым көшіруді білдірмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Штейнбах Х.Э. Влияние городской среды на поведение человека. СПб., 1997.
2. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Оқулық, 4-басылым Алматы, 2008
3. Байпақов К.М. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы (V – XVIII ғ.ғ.). орта мектептің 7-8 сыныптарына арналған оқулық. – Алматы, «Рауан», 1995
4. <https://strategy2050.kz/ru/news/urbanizatsiya-v-kazakhstane-progressivnoe-razvitiye/>

ӘОК 02.15.51

XXI ҒАСЫРДА ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ОРНЫ

Болатбеков Елдар Серікболұлы

eldar_xo@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

5B020100-«Философия» мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т.С. Жахина

XXI ғасыр ақпараттық және инновациялық технологиялар, ғарыш кеңістігін игеру ғасыры, постиндустриалды қоғамның өркендеу кезеңі. Сондай-ақ, XX ғасырда екі дүниежүзілік соғыс пен испандық тұмау салдарынан, трагедия мен алаңдаушылықтың шарықтағаны орын алатын болса, XXI ғасырда ғылыми жаңалықтардың, ақпараттың көптігі, жаһандану үрдісі, жаңа болмыстың түрі – виртуалды шындықтың пайда болуы адамзат өмірін өзгеріп, адамдардың көбісінде ішкі күйзеліс орын алған, ауыр депрессия, таңдау еркіндігі мәселесі алға шыққан кезең. Бүгінгі күні XX ғасырға сілтеме жасау және оның тәжірибесін қайта қарастыру арқылы философтар, мәдениеттанушылар, психологтар, әлеуметтанушылар және саясаттанушылар қазіргі заманда орын алып жатқан әлемдік мәселелерді шешуге қолданып, оңтайлы шешімдерге келуде. Неміс классикалық философиясының ірі өкілі Вильгельм Фридрих Гегель тарих пен адамзат екі рет қайталанатынын байқап, бірінші рет трагедия, ал екінші рет фарс түрінде болатынын айтқан. Яғни тарихқа жүгіну тәсілі арқылы адамзат болашақта қателік жасамауы мүмкін, немесе мәселелерді шешуде өткеннің тәжірибесін пайдалану арқылы, оң шешімдер таба алады.

Фридрих Ницшенің «Заратуштра осылай деді» деген кітабында «Құдай өлді» деген философиялық идеясынан кейін, қоғамның моральдық өлшемі болған жаратушы енді жоқ, оның орнын толтыратын басқа рухани құндылықтардың жетіспеуінен [1], XX ғасыр азап пен абсурд етек жайған, күйзелістерді күту уақыты, ескі мұраттарды түбегейлі қайта бағалау және жаңаларын қалыптастыру уақыты болды. Дін жалпыға ортақ бағытынан кетіп, адам ештеңесіз, бұл дүниемен жалғыз, бетпе-бет қалды. XX ғасырдағы соғыс жылдары адамзатқа өркениеттің ақыры туралы шындықты көрсетті.

Ежелгі дәуірде адамдардың сұрақтарына жауап берген үйлесімді және реттелген тұтас космос, орта ғасырларда орталық күш болған Құдай идеялары жоққа айналды. Жаңа заман философиясынан XX ғасырға дейін өсірілген рационалды және парасатты адам идеясы, қайғылы оқиғаларға әкелді. Холокост, геноцид, газ камералары, Освенцим концлагері сияқты қатыгездіктерден кейін, адамзат адам ақылына үмітсіздікпен қарап, бұрынғыдай рационализм адамзатқа тірек бола алмады. Адамды ұлықтайтын гуманистік идеялар шайқалған кезде, экзистенциалистік философия таңдау еркіндігі, әрбір жеке өмірдің құндылығы және оның бірегейлігіне деген серпіліс сенім береді.